

# СЫБАЙЛАСҚАН ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР



А. Қ. СПАНОВ,  
ҚазГЗУ Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы  
кафедрасының заң ғылымдары магистрі, доцент

Мақалада сыбайласқан жемқорлықтың түсінігі және пайда болу себептері сипатталады. Сондай-ақ, сыбайласқан жемқорлық және онымен күрес жүргізу тетіктерінің даму тарихи аспектілері қарастырылған. Қазіргі кездегі сыбайласқан жемқорлықпен күрестегі халықаралық тәжірибелер зерттеледі. Әртүрлі елдердегі сыбайласқан жемқорлықпен күрестің стратегиялары, жолдары анықталады.

*Түйінді сөздер: сыбайласқан жемқорлық, сыбайласқан жемқорлықпен күрес, парақорлық, мемлекеттік қызмет, саяси партия, меритоқратия қағидасы, халықаралық тәжірибе, сыбайласқан жемқорлықпен күрес стратегиясы, үкімет, кешенді әкімшілік реформа.*

Сыбайласқан жемқорлық және онымен күрес сонау ежелгі кезден келе жатқан құбылыс. Себебі мемлекет пен құқық қалай пайда болды сонымен бірге осы дертте пайда болды. Әрине бұл дертке сол кездің өзінде барлық елдер шалдықты. Аталмыш дертпен күресу барысында әртүрлі амалдары, тәсілдері, жолдары, айдалары қолданылды. Бір елде ол біршама, екінші елді жартылай ал, үшінші елде мүлде жойылмады. Бүгінгі таңға дейін осы дерт өмір сүруде. Онымен күресудің жолдары, амалдары әрі қарай жетілуде. Оны толықтай жою әрине өз қолымызда.

2012 жылдың 14 желтоқсанындағы ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы елдің даму жолын тағы да анықтап берді. Осы жолдауда Елбасы жемқорлық — жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді шетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады және біздің түпкі мақсатымыз — жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек екендігін айқын көрсетті. Ал біз онымен күресу үшін әлемдегі әртүрлі мемлекеттердің қалай күреседі, қандай стратегия, жол, амал қолданғанын жан-жақты зерттеп, қарастырып ең тиімдісін басшылыққа алуымыз керек. Ол үшін біз ондай тәжірибесі мол мемлекеттерді қарастырып көрелік.

Ресей ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесінде, әлемде сыбайласқан жемқорлықпен күрестің төрт стратегиясы анықталды:

1. Сыбайласқан жемқорлық себептерін жүйелі түрде жою. Ондай шаралығы да сәтті және тиімді бола бермейді. Осындай тәжірибеге Чех Республикасы, Пәкістан және Боливияны жатқызуға болады;
2. «Соғыс» стратегиясы, ол мүлде сәтсіз және айқын мысал ретінде — Қытай мемлекетінің тәжірибесін көрсетуге болады;

3. «Саналы белсенсіздік» стратегиясы, ондай стратегияны соңғы кезге дейін Ресей мемлекеті ұстанды;

4. Сыбайласқан жемқорлыққа қарсы аралас стратегия — олардың ең табыстылары және тиімділері. Олардың жеткен жетістіктері бойынша қарасақ Швеция, АҚШ, Сингапур; Гонконг және басқа елдер жатады. Transparency International халықаралық үкіметтік емес ұйымының сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің жоғарғы позициясында орынды алады<sup>1</sup>. Солардың қатарында Франция, Германия, Сингапур мемлекеттеріндегі сыбайласқан жемқорлықпен күрестің тәжірибесін қарастырып, салыстырып, оңтайлысын өзіміздің елде қолдану керек деген ойдамыз. Алдыменен Франция мемлекетіндегі тәжірибеге тоқтайық.

Франция мемлекетінің саяси-әкімшілік жүйесін соңғы онжылдықта жайлап алған сыбайлас жемқорлық қасіреті қоғамдық пікірге, партиялар мен саяси ұйымдардың іс-әрекетіне ықпал етіп отыр. Ол саяси партияларды қаржыландырудың тәсілін реформалау қажеттігін көрсетті. Саяси партиялар сайлау науқанына қаржы табу үшін заңсыз тәсілдерге жүгініп, саяси-әкімшілік шешім қабылдайтын шенеуніктер мен лауазымды адамдардың іс-әрекеті, мердігерлік келісім-шарттар жасасу кезіндегі билік органдары мен кәсіпкерлер арасындағы өзара байланыс жемқорлықтың таралуының негізгі саласына айналды.

Сол себептен Францияда 1988 жылғы наурызда саяси партиялардың есеп-қисабын, олардың саяси науқан өткізуге жұмсайтын қаражатын, президенттің, министрлердің, депутаттардың табыстары туралы декларацияны жариялау туралы шешім қабылданды.

1990 жылғы қаңтарда саяси партиялардың сайлау науқанын жеке адамдар, кәсіпорындардың қаржыландыруына лимит белгілеу туралы заң қабылданды. 1993 жылғы сайлауда бұл шығын 80 мыңнан аса сайлаушылары бар округтер үшін 500 мың франк мөлшерінде, ал сайлаушылар саны одан аз округтер үшін 400 мың франк мөлшерінде белгіленді. Ал жеке адамдардың бір сайлауға берер қаржысы 30 мың франктен аспауға тиіс. 1000 франктен асатын салым чек арқылы аударылады.

Бұл заңның негізіне төрт қағида алынды:

Депутаттардың сайлау науқанына 500 мыңнан, президенттің сайлау науқанына (екі турға) 160 млн франктен аспайтын қаражат жұмсау, саяси жарнаманың кейбір формаларына тыйым немесе шектеу салу және т. б. Жариялылық принципі. Ондағы мақсат — өз функцияла-

© А. Қ. Спанов, 2013

<sup>1</sup> Жетписбаева Б. Восточные стратегии борьбы с коррупцией: опыт Китая и Сингапура // Фемида, № 2 (158), 2009. С. 12.

рын пайдаланып, өзінің пайда табуы үшін арада делдал болатындардан арылу.

Бақылау принципі. Сол үшін саяси партиялардың есеп-қисаптарын, сайлау науқанын қаржыландыруды тексеру жөнінде комиссия құрылды. Бұл заң бойынша сайлау науқанында жұмсалатын шығынның жоғарғы шегі 30 %-ға төмендетілді<sup>2</sup>.

1995 жылы Франция үкіметі мемлекеттік қызметтің деонтологиясы бойынша комиссия құру туралы шешім қабылдады, ондағы мақсат фаворитизиге жол бермеу еді. Бұл комиссияның құрылуы шенеуніктерге ұнамады, себебі олардың айлығы жақсы жеке компаниялар мен банктерге ауысып кетуі «ұлттық дәстүр» еді. Сонымен комиссия шенеуніктердің жеке немесе мемлекеттік компаниялардың мүддесі үшін өз қызмет бабын (бұрынғы болса да) теріс пайдалануына жол бермейтін «сүзгі» болды. Мұндай комиссияларды республикалық және аймақтық деңгейлерде біздің құрғанымыз жөн болар еді.

Францияда, құқықтық тұрғыдан алғанда, барлық министрлер үшін, мейлі премьер-министр, мемлекеттік министр, министр-делегат, мемлекеттік хатшы болсын, айрықша мәртебе бар. Конституция бойынша министрлерге бұл қызметті депутаттың немесе сенаторлық мандатпен және қоғамдық немесе жеке сектордағы кез-келген басқа кәсіби қызметпен біріктіруге тыйым салынған. Министрлер лауазымдарынан босатылғаннан кейін алты ай бойы кәсіби және кәсіпкерлік одақтарда, экономиканың мемлекеттік секторының компанияларында, сондай-ақ мемлекетпен бірлесіп іс жүргізуші жеке компанияларда басшы қызмет атқара алмайды. Бірақ бұл тәртіп ондай салаларда министр болғанға дейін жұмыс істеген министрлерге таралмайды. Ал алты ай бойы «жұмыссыз қалған» министр сол кезеңде министрлердің жалақысына тең мөлшерде жәрдемақы алып тұрады<sup>3</sup>. Ал Герман Федеративтік Республикасында сыбайлас жемқорлықпен федералдық деңгейде Бундестаг (қылмыстық-құқықтық және басқа актілер қабылдап) және жерлер деңгейінде Лантаттар (қызметтік-құқықтық актілер қабылдап) күрес жүргізеді.

Атқарушы билік саласында: федералдық деңгейде — Федералдық ішкі істер министрлігі және басқа органдар (алдын алу функциясы), сондай-ақ Федералдық әділет министрлігі қылмыстық қудалау саласында (қуғындық функция); жерлер деңгейінде — тиісті жерлер министрліктері сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізеді. Сыбайлас жемқорлық фактілерін айқындау және олардың алдын алу функцияларын полиция, прокуратура, ішкі тергеу органдары, есеп және тексеру органдары атқарады. Бұл елде 1995 жылы ішкі ревизия қызметі құрылды, ол барлық мемлекеттік және муниципалдық билік органдарына әртүрлі тексерулер жүргізеді. Оның негізгі міндеті — биліктің жоғарғы органдарында және басқа ведомстволарда ревизия жасау. Тексерудің негізгі бағыттары:

- қызметкерлер жұмысындағы сыбайлас жемқорлыққа шалдығуына мүмкін орындарға талдау жүргізу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес шараларын қайта тексеру;
- сыбайлас жемқорлық жайында келіп түскен хабарларды зерделеу;
- басқарудың басқа салаларының жыл сайынға есептеріне баға беру;
- жалпы федералдық ауқымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға келісу;
- ішкі ревизияларға кәсіби қадағалау жасау;
- сыбайлас жемқорлықпен күресті стратегиялық жоспарлау;

<sup>2</sup> Зубченко В. А. Коррупция во Франции // Экономические и социальные проблемы России: Проблемно-тематический сборник. М.: ИНИОН РАН, 2004. С. 129.

<sup>3</sup> Коржонский Н. И. Объект посягательства и квалификации преступлений: учебное пособие. – Волгоград: НИИРИО, 1976. С. 87.

• сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзге де іс-шаралар.

Бұл қызметте орта қадағалау буыны бар, ол округтік үкіметтің вице-президентіне бағынады, барлық бөлімдерді, коммуналдық басқарманы, құрылымдардың басқармасын, басқа да құрылымдарды тексереді.

Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық жазаланатын фактісі анықталған жағдайда материалдарды полицияға не прокуратураға тергеуге береді. Германияда сыбайлас жемқорлықпен күрестің Федералдық бағдарламасы бар, ол «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы тұрудың тұжырымдамасы» деп аталады, мұндай тұжырымдамалар муниципалдық деңгейде де бар, олардың орындалуын ішкі істер министрлері, сенаторлар конференциясы бақылап отырады<sup>4</sup>.

1997 жылғы 13 тамызда Германияда «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заң қабылданып, оған сәйкес қылмыстық заңнамаға өзгертулер енгізілді. 1997 жылғы 9 қыркүйекте «Қосымша қызметпен айналысуға шектеу салу туралы» Заң қабылданды. Онда қандай қызметтерді қанша уақыт бойы біріктіріп атқаруға болатындығы көрсетілген. Мысалы, екінші жұмыс негізгі жұмыспен сәйкес келмесе, онда оларды қосып істеуге тыйым салынған. Қосып істеу мерзімі бес жылдан аспауы қажет және олардан түскен табыс жайында деректер берілуі керек.

Қызметке нұсқан келетін болса, жұмыстарды қосып істеуге тыйым салынады, олар мынадай жағдайда:

- қызметкер атқаратын негізгі жұмыстың ауқымы үлкен болса;
- қосымша жұмыс қызмет мүддесіне қайшы келсе;
- қосымша жұмыс қызметкер қарайтын билік органы тартылған салада жүзеге асырылатын болса;
- қосымша жұмыс қызметкердің саяси бейтараптық қағидасын бұзатын болса;
- мемлекеттік басқарудың беделіне нұсқан келтіретін болса<sup>5</sup>.

Transparency International халықаралық үкіметтік емес ұйымының «Сыбайлас жемқорлық индексіне қатысты — 2010 жылдық есебі бойынша Сингапур, Дания, Нидерланды, Финляндия, Жаңа Зеландия, Швеция, Исландия алдыңғы қатардан орын алды. Осы көрсеткіштердің ішінде Қазақстан 170-тен астам мемлекеттердің 105 орынды алды.

Transparency International халықаралық үкіметтік емес ұйымының «Сыбайлас жемқорлық индексіне қатысты — 2011 жылдық есебі бойынша Дания, Финляндия, Жаңа Зеландия алдыңғы қатардан орын алды. Жаңа Зеландия (индекс — 9,5 балл), Дания (9,4 балл) және Финляндия (9,4 балл). Ал ТМД бойынша Ресей, Азербайджан және Белоруссияға қарағанда рейтингтері сәл жоғары Молдавия (2,9 балл), Қазақстан (2,7 балл) және Армения (2,6 балл).

2011 жылы ең сыбайласқан жемқорлық көрсеткіші жоғары мемлекеттерге Сомали (1,0 балл) и Солтүстік Корея (1,0 балл) жатқызылды.

2012 жылдық есебі бойынша тағы да Дания, Финляндия, Жаңа Зеландия (индекс — 9,0 балл) алдыңғы қатардан орын алды. 176 мемлекеттен көршілес Ресей 133 орынды алды (2,8 балл), Қазақстан, Иран, Гондурас мемлекеттерінде осы қатардан орын алды. ТМД мемлекеттерінің ішінде 170 орынды (2,7 балл) Өзбекстан мен Түркменістан мемлекеттері алды. 2012 жылы ең сыбайласқан жемқорлық көрсеткіші жоғары мемлекеттерге Сомали, ҚХДМ және Ауғанстан (0,8 балл) жатқызылды.

Соның ішінде жұрт сыбайлас жемқорлықпен күресте сингапурлық үлгіні жиі ауызға алады. Ал Сингапур 1965 жылы тәуелсіздік алған кез-

<sup>4</sup> Агыбаев А. Н., Нуkenов М. О. Понятие «Коррупционные преступности» и система мер борьбы с ней // Проблемы совершенствования борьбы с преступностью, наркобизнесом, терроризмом, религиозным экстремизмом: сборник научных трудов. Караганда. 2001. С. 61.

<sup>5</sup> Смагулов А. А. 20 лет независимости Республики Казахстан: итоги и перспективы // Материалы международной научной практической конференции посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан и 40-летию образования учебного заведения: Академия КИИС МЮ РК. Костанай. 2011. С. 421.



туралы заң» (Anticorruption Law) «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы заңмен» (Prevention of Corruption Act - POCA) алмастырылды. Сыбайлас жемқорлықты зерттеу бюросы (СЖЗБ) (Corrupt Practices Investigation Bureau – CPIB) аталмыш заңға енгізілген түзетулерге сүйеніп, күдіктілерді ұстауда, қылмыскерлерді іздестіруде және мемлекеттік қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің және агенттерінің банк шоттары мен басқа да активтерін тексеруде кең өкілеттілікке ие болды. Сонымен қатар, «пара» түсінігі қандай да бір құнға ие кез келген сыйды қамтитындай кеңейтілді және пара алған адамның, шын мәнінде, міндеттемелерін орындауға құзыреттілігін дәлелдеу ендігі уақытта қажетсіз болып саналды. Салық инспекторлары тергеу астындағы адамға қатысы бар барлық ақпаратты беруге міндеттелді. Осыған дейін күшінде болған заңға сәйкес, жемқорлыққа сыбайлас адамның берген айғағы өзге бір адаммен расталмаған жағдайда жарамсыз танылса, жаңа өзгерістерге сай, сот сыбайластың айғағын іске қосу мүмкіндігіне ие болды. 1960 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасына енгізілген ең маңызды өзгеріс соттарға айыпталушының заңды табыс көзіне ғана өмір сүрмегендігін, кіріс мөлшерінен иелігіндегі мүліктің көп болуын пара алғандығының дәлелі ретінде пайдалануға мүмкіндік берді.

Сыбайлас жемқорлықты зерттеу бюросы премьер-министр кеңсесінің басшылығымен жұмыс істеді және кез келген министр мен қызметкер әрекеттерін зерттеу құзыретіне ие болды.

1963 жылы сыбайлас жемқорлықты зерттеу Бюросына ақпарат беруге шақырылатын адамдардың құпиялығы жойылды. 1989 жылы жемқорлық әрекет үшін салынатын айыппұлдың мөлшері 10 мың сингапур долларынан 100 мыңға дейін өсті. Сыбайлас жемқорлықты зерттеу бюросына жалған ақпарат беру және тергеу жаңалыстыру үшін жаза ретінде айыппұл төлеу мен қамауға алыну бекітілді. Соттардың құзыретіне сыбайлас жемқорлық нәтижесінде кірген табысты тәркілеу енді.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы» заң тиімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ету және заң жүйесіндегі кемшіліктерді жою мақсатында 1963, 1966, 1972, 1981, 1989, 1991, 1998 және 2002 жылдары оған барлығы 8 мәрте өзгеріс енгізілді. Сингапур бюрократиясында тамырын тереңге жайған сыбайлас жемқорлықпен күрес барысында қатардағы мемлекеттік қызметкерлермен бірге, көптеген жоғары лауазымды тұлғаларға, соның ішінде министрлерге қарсы көптеген сот істері қозғалып, кең қоғамдық резонансқа ие болды. Бұл шаралардың сингапурлықтардың сыбайлас жемқорлыққа деген қатынасына, көзқарасына тигізген ықпалының маңызы аса жоғары бағаланады.

Экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен кейін ғана, яғни 70-жылдары ХҚП үкіметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның екінші қадамын іске асырды. Оның мәні – мемлекеттік қызметтегі жалақы мөлшері мен жұмыс жағдайын арттыру арқылы жемқорлық әрекетке ынтаны азайту. Премьер-министр Ли Куан Ю 1985 жылдың 22 наурызында Парламентте министрлер кабинетінің жалақыларын көтеру қажеттілігінің сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ықпалы тура-

да жемқорлық қалың жайлаған ел болатын. 1959 жылдың мамырында жалпыға ортақ сайлауда жеңіске жеткен Халық қозғалысы партиясы қызметіне кіріскен кезеңде, яғни сол жылдың маусым айында Сингапур автономиялық статуска ие болды. ХҚП басқарған үкімет 11 рет қайта сайлану арқылы мемлекет билігінің тізгінін 51 жыл бойы ұстап келеді. 1968 жылы сәуір айында өткен жалпыға ортақ сайлауда ХҚП Парламенттегі 58 орынның барлығын және берілген дауыстың 86,72%-ын жеңіп алғанда, Сингапур бәсекелес саяси жүйеден бір ғана партияның басымдығы орнап жаңа саяси жүйеге көшті. 2006 жылдың мамырында өткен соңғы парламенттік сайлауда ХҚП 83 орынның 81-ін жеңіп, берілген дауыстың 66,6 %-ына қол жеткізу арқылы Сингапур тарихында 11-рет қайта сайланды.

Сингапурдың ұлттық дамуында мемлекеттік бюрократия басты роль ойнады. ХҚП үкіметі билікке келген тұстан бастап ел басқару ісіне тиімділігі мен жағымды ықпалы аса жоғары деп мойындалған басты өзгерістер енгізді. Оларды төмендегідей топтастыруға болады:

- меритократияның күшеюі;
- үкіметтің сыбайлас жемқорлықтан таза болуы;
- кешенді әкімшілік реформалар;
- жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлерге жоғары жалақы тағайындау.

Меритократиялық үкімет. ХҚП үкіметінің меритократияны жоғары қоятындығы бірден анық болды. Билікке келген бойда ХҚП біліктілігі жоғары экспатриаттарды мемлекеттік қызметке тартып, ал осы көрсеткіш бойынша төмен деңгейде тұрғандарын қызметтен босата бастады. Бұл саясаттың нәтижесінде мемлекеттік қызметкерлерге төленетін жалақының жалпы мөлшері үнемделді, сонымен бірге, жоғары лауазымды экспатриат мемлекеттік қызметкерлердің арасындағы кадрлар ағымы өсті. Сондай-ақ мансаптық ілгерілеуде шешуші фактор ретінде жас ұлғаюы емес, біліктіліктің артуы ұсынылды. Ендігі уақытта көптеген білікті жергілікті мемлекеттік қызметкерлер жас ерекшеліктеріне қарамастан, жоғары жауапкершілікті қажет ететін лауазымдарға тағайындала бастады.

Сыбайлас жемқорлықтан таза үкімет. ХҚП билікке келгенде Британ колониялық дәуірінен қалған жемқорлықты мемлекеттік қызметті мұра ретінде қабылдады. Жапон оккупациясы кезіндегі (1942-1945 жж.) және одан кейін күрт өскен инфляция, сонымен бірге, мемлекеттік қызметкерлердің аса төмен деңгейдегі жалақылары мемлекеттік аса төмен деңгейдегі жалақылары мемлекеттік аппаратты жемқорлыққа бейім етті. 1950 жылы Полиция комиссары жасаған есепте параның үкіметтік мекемелерде кең таралғандығы туралы мәліметтер беріледі. Соғыстан кейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық көптеген мемлекеттік қызметкерлердің табыс көзіне айналды.

1959 жылы сайланған ХҚП алдында тұрған ең қауырт мәселелердің бірі мемлекеттік қызметте белең алған сыбайлас жемқорлықты жою болмаса да, оның деңгейін мүмкіндігінше төмендету болды. Бұл – пара туралы қоғамдық пікірді «шамалы қатер, мол пайдадан» «үлкен қатер, мардымсыз табысқа» өзгертуді қажет етті.

ХҚП үкіметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы келесі өзгеріске негізделді: сыбайлас жемқорлыққа тамырына балта шабуға жасалған талпыныс тұлғаның жемқорлық әрекетін тартымды ететін, ынталандыратын мүмкіндіктер мен жағдайларды барынша азайтудан немесе жоюдан басталуы керек. Үкімет осы кезеңде мемлекеттік қызметкерлер жалақысының деңгейін жоғарылатуға мүмкіндігі болғандықтан, бастапқыда жемқорлық әрекетке жағдай жасайтын факторлармен күресті, сондай-ақ, жазаны мейлінше қатал ету мақсатында бұрыннан қалыптасқан заңдар жүйесін күшейтті.

1960 жылы мемлекеттік қызметте қалыптасқан жемқорлыққа қатысты жағдайға жауап ретінде 1937 жылғы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес

лы сөйлеген сөзінде стратегия мазмұнына тереңірек көзқарас ұсынды. Оған сәйкес, саяси басшыларға лайықты жалақы төлеу арқылы мемлекет таза әрі адал үкіметке ие болады, ал қажет мөлшерден төмен төлеу арқылы үшінші әлем дерті – сыбайлас жемқорлыққа шалдығады. Ли Куан Ю ұсынған жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлықты құрықтаудың ең тиімді жолы рынокпен қатар жылжу болды, себебі рынок — әділ, ашық, заңды және бірде бір жұмыс істейтін жүйе<sup>6</sup>.

Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы өзін-өзі ақтады: Transparency International халықаралық үкіметтік емес ұйымының Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (Corruption Perceptions Index — CPI) бойынша 1997-2007 жылдар аралығында Сингапур Азиядағы аталмыш қоғамдық дертке ең төмен деңгейде шалдыққан мемлекет болып бағаланды. 1995 жылы Сингапур 41 елдің арасында 9, 26 көрсеткішімен сыбайлас жемқорлыққа ең төмен деңгейде шалдыққан үшінші мемлекет болды. 2007 жылы осы көрсеткіш бойынша 180 елдің арасында 9,3 көрсеткішімен төртінші позицияны иеленді. Ал соңғы кездері яғни, 2008-2012 жылдары алдыңғы көрсеткіштердің арасынан түспеуде.

Ал Жапонияда сыбайласқан жемқорлықпен күресте басты назар аударатын мәселе бұл кадрлық саясат болып отыр. XXI ғасырдың басынан басынан бастап бұл елде сыбайласқан жемқорлықпен күресте бірқатар заңдар қабылданды. «Мемлекеттік қызметшілердің этикасы туралы» заң, «Ақпараттарды ашу туралы» заң және т.б.

Жапония мемлекеті мемлекеттік қызметкерге әлеуметтік жағдайын тұрақты қамтамасыз ететін толыққанды жағдайлар жасады. Саяси күйзеліс кезінде орнын босатпайды. Егер ол өзінің міндетін өрескел бұзбаса, іскерлік сапасына сәйкес қызметі бойынша жоғарылауға нақты мүмкіндігі бар. Материалдық жоспарда мемлекеттік және муниципалды қызметкерлер жеке сектор жұмысшыларымен салыстырғанда өздерін қысым көргендей сезінбейді. «Персоналдар бойынша кеңес» жыл сайын парламентке және үкіметке еңбекке ақы төлеудің ұлттық тенденциясын туралы баян етеді. Егер жеке секторда едәуір еңбекке ақы төлеудің өскенін анықтаса (5%), онда Кеңес парламент бекітетін қызметкерлердің еңбекке ақы төлеу деңгейін өзгерту туралы ұсыныс жасауға тиісті<sup>7</sup>.

Жапонияда сыбайласқан жемқорлықпен күресу аясындағы үстемелік бағыттары болып:

- саяси экономиканың шаралары — саяси басшылардың есеп беруі, саяси
- партиялар мен компанияларды қаржыландырудың реформасы;
- мемлекеттік қызметті реформалау — лайықты еңбекақысы, ынталар жүйесі;
- азаматтық бостандықты қамтамасыз ету — саясаткерлерге азаматтық қоғам жақтарынан моральдық ықпал ету және әлеуметтік-құқықтық бақылаудың жүйесі<sup>8</sup>.

Сыбайласқан жемқорлықпен күреске мемлекеттік органдар ғана емес, қоғамдық ұйымдар, жекеленген азаматтар, жалпы ел болып атсалысуы қажет екенін сөзсіз. Дегенмен, бүкіл әлемде мемлекеттік қызметкершілердің қатарынан тазалау жөніндегі күрес сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың алдыңғы шебі болып саналатынын ескеру қажет.

Атап айтқанда, қазіргі кезде сыбайласқан жемқорлықпен күресте оңтайлы, әрі қарқынды, ұтымды, пәрменді жұмыс жүргізіп жатқан

<sup>6</sup> Мақұлжан Ә. Сингапурдағы мемлекеттік басқару: тиімділікті арттыру және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. 11-2 (45-46). 2010. 150-151 бб.

<sup>7</sup> Искалиева А. Коррупция – проблема всех государств мирового сообщества // Фемида. № 12 (192), 2011. С. 11.

<sup>8</sup> Раисов. У. Е. Борьба с коррупцией: анализ зарубежного опыта. // Право и государство. № 2 (47), 2010. С. 258.

әлемдік отызға жуық мемлекеттерді атауға болады: Сингапур, Жапония, Франция, Германия, АҚШ, Жаңа Зеландия, Дания, Финляндия, Швеция, Австралия, Канада, Нидерландия, Норвегия, Ирландия, Швейцария, Люксембург, Ұлыбритания, Израиль және т.б. Осы жоғарыда аталған мемлекеттер стратегиялық сыбайласқан жемқорлыққа қарсы сауатты саясатты дайындап, жүргізген. Осы мемлекеттердің мол, әрі ұзақ тәжірибесін қарай отырып, өзіміздің сыбайласқан жемқорлыққа қарсы тұрарлық тәжірибемізді байыту мүмкіндігі туып отыр.

Осы сөз болып отырған озық шетелдік мемлекет басшыларының билік органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және онымен күресуге аса көңіл бөліп отырғандығын байқауға болады. Яғни, Қазақстан Республикасы да сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, жоюда және онымен жойқын күрес жүргізуде жоғарыда көрсетілген шет мемлекеттердегі оңтайлы, жағымды тәжірибелерді ескеріп, тек теорияда ғана емес, тәжірибеде пайдалануымыз қажет.

Бізде, халыққа қызмет көрсету орталығындағы, құқыққорғау органдарындағы, билік органдарындағы сыбайласқан жемқорлықпен күресудің осы мемлекеттердегі тәжірибелерді дұрыс қолданып, жүзеге асыру керек. Ең бастысы азаматтық қоғам институттары белсенділік білдіруі тиісті. Өйткені бізде азаматтық қоғам деген атау, түсінік бар ал олардың сыбайласқан жемқорлықпен күрестегі белсенділігін қазіргі кезге дейін байқалмай отырғандығына куәміз. Осы жәйт әрине бізді қатты қынжылтады. Сыбайласқан жемқорлықпен күресте азаматтық қоғамның институттарының ішіндегі партиялардың орны маңызды. Осы дертпен күресуде тек «Нұр Отан» партиясының белсенділігін ғана аңғаруға болады. Ал қалған партиялар, тек президенттік, парламенттік сайлауларда ғана өздерін көрсете бастайды. Ал қалған кезде ұйықтап жатқандай тып-тыныш. Біз барлығымыз біріге отырып сыбайласқан жемқорлық орын алғаннан кейін күреспей, онымен қоса оның алдын алуымыз керек. Ойымды қорыта келе біз «бір жеңнен қол» шығарып біріксек осы дертті толық жоймасақта, оны азайтуға болады және бұл алғашқы қадамдардың бірі болар еді. Сондай-ақ, бұл дертпен сатылап күрессек, әрі ұтымды, әрі қолайлы болар еді.

#### **А. Қ. Спанов: Международная практика борьбы с коррупцией.**

В статье характеризуются причины возникновения и понятие коррупции. Рассмотрены исторические аспекты возникновения и развития механизма борьбы с коррупцией, современный международный опыт борьбы с коррупцией. Выявлены пути и стратегии борьбы с коррупцией в различных странах.

*Ключевые слова:* коррупция, борьба с коррупцией, взяточничество, государственная служба, политическая партия, принцип меритократии, международный опыт, стратегия борьбы с коррупцией, правительство, комплексная административная реформа.

#### **A. K. Spanov: International practice of struggling against corruption.**

The article characterizes causes and the concept of corruption. Also, article considers the historical aspects of the emergence and development of a mechanism to combat corruption. Author studies a modern international experience of struggle against corruption; the ways and strategies to combat corruption in different countries.

*Key words:* corruption, struggle against corruption, bribery, public service, political party, the principle of meritocracy, international experience, strategy to fight corruption, government, a comprehensive administrative reform.